

FTAMP 14.07.01

Б.Д. Жумакаева¹, К. Базархан²,

^{1,2}С. Демирел атындағы университеті, Қаскелең қ., Қазақстан

«ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» КУРСЫ АЯСЫНДА МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫН ОҚЫТУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа. Қазақ әдебиетінің өркендеп қанат жаюына шетелдегі қазақ әдебиеті де өз үлесін қосуда. Қазақ әдебиетінің қаймағы бұзылмаған бір бұтағы - Моңғолия қазақтарының әдебиеті. Атамекеннен жырақ жүрген қанша қазақ қаламгерлері өз төл әдебиетіміздің қорына елі мен жеріне деген сағынышқа толы жыр жолдары мен әдеби туындыларын көптеп қосуда. Шетелдегі қазақ әдебиеті бүгінге дейін біраз зерттеу жұмыстарының негізіне айналғанымен, Моңғолиядағы қазақ қаламгерлерінің шығармашылығын оқыту мәселесі кеңінен зерттеле қойған жоқ.

Мақалада Моңғолиядағы қазақ қаламгерлерінің поэзиялық шығармаларын оқытудың тиімді әдіс-тәсілдері туралы сөз болады. Моңғолиядағы қазіргі қазақ әдебиетінің өкілі ретінде Сұраған Рахметұлы мен Байыт Қабанұлы шығармашылығынан мысалдар келтірілді. Аталмыш қаламгерлердің туындыларын отандық Жоғары оқу орындарында арнайы курс ретінде оқыту жолындағы алғашқы қадамдардың бірі ретінде жазылып отырған мақала өлең-жырларды келтірілген бірнеше әдістермен оқытуды ұсынады.

Түйін сөздер: Шетелдегі қазақ әдебиеті, Моңғолия, поэзия, қаламгер, әдіс-тәсілдер, оқыту, шығармашылық әдіс, Сұраған Рахметұлы, Байыт Қабанұлы.

Abstract. Kazakh literature abroad also contributes to the development of Kazakh literature. One of the unspoiled branches of Kazakh literature is the literature of the Kazakhs of Mongolia. Many Kazakh writers, who live far from their homeland, add to the fund of our original literature a lot of poems and literary works full of nostalgia for the country and the land. Although Kazakh literature abroad is still the basis of some research, the issue of teaching the works of Kazakh writers in Mongolia has not been widely studied.

The article discusses effective methods of teaching poetry by Kazakh writers in Mongolia. Examples are given in the works of Suragan Rakhmetuly and Bait Kabanuly as representatives of modern Kazakh literature in Mongolia. The article, written as one of the first steps in the study of the works of these

writers as a special course in local universities, suggests the teaching of poetry in several ways.

Keywords: Kazakh literature abroad, Mongolia, poetry, writer, methods, teaching, creative method, Suragan Rakhmetuly, Bait Kabanuly.

Аннотация. Казахстанская литература за рубежом также способствует развитию казахской литературы. Одна из неспорченных ветвей казахской литературы - это литература казахов Монголии. Многие казахстанские писатели, живущие вдали от своей родины, добавляют в фонд нашей самобытной литературы множество стихов и литературных произведений, полных ностальгии по стране и земле. Хотя казахская литература за рубежом все еще является базой для некоторых исследований, вопрос преподавания произведений казахских писателей в Монголии не получил широкого распространения.

В статье рассматриваются эффективные методы обучения поэзии казахскими писателями в Монголии. Примеры приведены в творчестве Сурагана Рахметулы и Байта Кabanулы как представителей современной казахской литературы в Монголии. Статья, написанная как один из первых шагов в изучении творчества этих писателей в виде спецкурса в отечественных вузах, предлагает преподавание стихов несколькими способами.

Ключевые слова: казахская литература за рубежом, Монголия, поэзия, писатель, методика, преподавание, творческий метод, Сураган Рахметулы, Байыт Кabanулы.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылымында ең көп зерттелген тақырыптардың бірі лириканы оқыту деп айтуға болады. Ақын Ә.Тәжібаев «Лирика – поэзияның жаны лирика мылқау түйсікке тіл бітіріп, образ жасайды» [1,70-71-б.б.], десе, ғалым Қ.Жұмалиев «Лирика – өмір құбылысына ақынның көзқарасы, түсінуі, сезімі, күйініші, сүйініші, онда адам өмірінің асқақтығы да, кейде қоныр күйі де көрінеді» [4, 244-б.], – деп, лириканың адам сезіміне ерекше әсер ететін жанр екендігін бағамдайды.

Лирикалық шығармаларды оқыту әдістемесі тұрғысынан зерттеу жұмыстары кеңестік дәуір кезеңінде әдіскер-ғалымдар М.А. Рыбникова, В.В. Голубов, Н.И. Кудрящев, В.А. Николтский, З.Я. Рез еңбектерінде кеңінен жүзеге асырылды. Ал, отандық әдебиеттанушы-әдіскер ғалымдарымыз Қ. Бітібаева, Т. Жұмажанова, А. Көшімбаев, Т. Ақшолақовтар көш бастап, арнайы ғылыми еңбектерін арнаған бұл сала өміршеңдігімен, сан-салалы тақырып алуандығымен маңызды.

Осы кезге дейін Махамбет, Абай, Шәкәрім, Мағжан, Сәкен, Ілияс, Мұқағали, т.б. өлеңдерін оқыту мәселесі жан-жақты зерттеліп, тиімді

қолданылған әдіс-тәсілдер арқылы оң нәтижеге қол жеткізіліп келеді. Біз бұл мақалада қазақтың қара сөзін Алтай асып, өлеңге айналдырып жүрген арқалы ақын, Моңғолиядағы қазақ ақындарының ішінде өзіндік орны бар Байыт Қабанұлының шығармашылығын отандық ақындардың туындыларымен қатар оқыту мәселесін сөз етпекпіз.

Өзін «сағыныштың ақынымын» деп бағалаған Байыт Қабанұлының өлеңдерін оқу барысында оның ата қонысына, қазақ даласына, қазақ ұлтына деген сағынышын айқын сезінеміз. Ақын Байыт Қабанұлының шығармаларын жаңа буын жас ұрпақтың қызығып оқуына қалай ықпал етеміз деген мәселені көтеріп отырған бұл мақала бүгінгі таңдағы өзекті мәселенің бірін көтеруімен маңызды.

Шетелдегі қазақ әдебиеті – төл әдебиетіміздің ажырамас бір бөлігі. Әсіресе, тағдырдың тауқыметімен Алтай асып Моңғолия өлкесін мекендеп қалған қазақ халқының белгілі бір бөлігін жырымен сусындатып, қазақ тілінің қайнар бұлағын өзге елде де суалтпай, қазақ жырын шетелге танытып жүрген қаламгерлер шығармашылығын оқыту – қазақ әдебиетін жан-жақты танытудың да бір жолы.


Еліміз тәуелсіздігін алып, ел іргесін нығайтқан шақта алыс-жақын шетелдердегі қандастарымыздың шығармашылығын оқыту – қазақ әдебиетінің өрісін кеңейтіп, қанатын кең жая түсуіне өз үлесін қоса түседі. Сол себепті де осы мәселені қолға алып «Шетелдегі қазақ әдебиеті» курсы аясында оқыту мәселелерін жүзеге асыру маңызды болмақ. Бұл – көңіл құптарлық іс. Дегенмен, жас буынның кітаптан алшақтап, ұялы телефон мен планшетке үңілген осынау бір ақпарат ағымының толассыз ағындаған кезеңінде оқыту әдістерінің тиімділігіне баса назар аударған жөн. Қазіргі таңдағы білім берудің жаңа белесі – дәстүрлі оқыту түрінен қарағанда білім саласында жаңа технологияларды кеңінен қолдануды көбірек талап ететін өтпелі кезең болып отыр.

Шетелде өмір сүрумен қатар, өз ділін, дінін, тілін таза ұстанып ғана қоймай, қазақ әдебиетінің дамуына өз үлестерін қосып жүрген шетелдегі, соның ішінде Моңғолиядағы қазақ ақындарының кез-келген өлеңінен лириканың озық үлгісін, ондағы тұнық сезімді, күйініш-сүйінішті, сағынышты көреміз. Осындай лирикалық шығармаларды оқыту әдістемесі неғұрлым озық болса, берер білім де соншалықты өтімді, білім алушының қабылдауына, интерпретациялауына да тигізер көмегі мол болмақ.

Лирикалық шығармаларды оқытуда әдіскер-ғалым З.Я.Рездің әдістемесіне сүйенген тиімді. З.Я.Рез шығармашылық әдістің бірнеше тәсілін ұсынады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы Байыт Қабанұлының шығармашылығын оқыту әдісі. [5, -б.].

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ)



Б. Қабанұлының өлеңдерін оқытудың ең тиімді жолы – өлеңдерін жатқа оқуды тапсыру. Өлеңді жатқа оқудың тиімділігі мен пайдасы орасан зор. Ол туралы ғылыми еңбектерде де айтылып, дәлелденіп келеді. Жатқа оқу барысында өлең оқушының логикалық қабілеті ұштала түседі, ойлау дағдысы арта, есте сақтау қабілеті нығаяды.

Б. Қабанұлының оқырман тарапынан ең бір сұранысқа ие болған өлеңдері – «Мен қазақпын», «Сағыныш» атты өлеңдері. Аталған екі өлеңнің мазмұны бірін-бірі толықтырып тұрғандай. Өзара үндесіп, ұштасып, ақынның ішкі менін көпшілікке жеткізгендей әсерге қалдырады. Осы өлеңдердегі ұлттық танымға, дәстүрге негізделген ойларды талдау, отаншылдық рух пен елдік мәселесін талқылау да оқырман қауымның өлеңге деген құштарлығын арттыра түсері сөзсіз.

Мәселен, «Сағыныш» өлеңіндегі:

Сар даланың төсіндей сағым ұшқан,

Тағдырым-ай адасқан, жаңылысқан.

Қазақ етіп жанымды азап етіп,

Жаратқаны-ай, жаратқан сағыныштан.

Бағым қашты алауыз андыздықтан,

Жандаймын жараланып жалбыз жұтқан.

Өгей шеше төсінен өксік еміп,

Жалғыздықтан жылаймын, жалғыздықтан [4, 18-б.], – деген жолдардағы «сар дала» ұғымы жанымызға сондай таныс, етене жақын. Ол қазақ жерінің кең-байтақтығын, ұлан-ғайыр өлкемізді суреттеп тұрғандай әсер қалдырады. Ақын мұңы – өзіндей көп қазақтың күйі, мұңы.

Осы өлең жолдарын оқу барысында «жалбыз» деген сөзді ұшыратамыз. Жалбыз – емдік шөп. Дәмі кермек, ашқылтым, дегенмен көптеген ауруға шипа. Жусан, жалбыз ұғымдары – халқымыз үшін туған жер ұғымымен пара-пар. Жалбызды аңсау туған жерді, елді аңсау іспетті. Жараланып, сол жарама ем болсын деп жалбыз жұттым деген ақын ойы аңғарылады. «Өгей шеше» кім? Ол, әрине, ақынның қазіргі мекен етіп жатқан жері, Моңғолия өлкесі. Қанша туған жері болса да, ол ақынның

атамекені, ата қонысы емес. Көптің ортасында жалғыздықтың мұңын кешкен ақын жырындағы әрбір осындай ұғымдардың, ұлттық таным-түсінігімізді сипаттайтын сөздердің мән-мағынасын ашу, сөздік талдаулар жүргізу, халықтық ұғымдарды саралау секілді тәсілдер де өлең мазмұнының оқырман санасында ұзақ сақталуына ықпал етеді.

Кез-келген білім беру барысында ең бірінші нысанға оқытудың әдіс-тәсілдері алынады. Ал, әдіс дегеніміз – нақты міндетті шешудегі мақсатқа жетудің жолы.

Тәуелсіздік жылдарындағы қазақ әдебиетін оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдердің түрлері өте көп. Солардың ішінде ғалымдарымыз ұсынып жүрген ізденіс әдісі мен шығармашылық әдістердің тәжірибе жүзінде оң нәтижеге қол жеткізіп жүргендігін айтқымыз келеді [5, 186-б.].

Ізденіс әдісі – бұл білім беруде айрықша мақсатқа жетуді көздейтін әдіс. Ізденіс әдісін Байыт Қабанұлының лирикалық туындыларын оқыту барысында қаламгер шығармашылығының өзіндік қолтаңбасы мен ерекшелігін айқындауда, шығарманы талдауда қолданған жөн. Әр ақынның қалыптасқан өзіндік стилі, болмыс-баяуы, өлең сөзді тудырудағы шеберлігі бар. Ал, белгілі бір кезеңдегі тағдырлас, тақырыптас, мазмұндас, қатарлас қаламгерлер шығармашылығындағы даралықты, шығармашылық шеберлікті ізденіс әдісі арқылы анықтау сол пәнді меңгертуші мен білім алушы үшін де қолайлы болмақ. Жат елде жүріп төл әдебиетінің түпнұсқасынан алшақ кетпей, туған тілінде қалам тербеп жүрген ақындарымыз қазіргі таңда отаншылдықты, ерлікті, елдікті, бірлікті, туған жерге деген сағыныш пен ыстық ықыласты жырларына қосатыны сөзсіз.

Шығарманы оқушының Б.Қабанұлының өлеңдерін оқи отырып, оны жан-жақты саралап, қабылдап, терең талдай алуы, сол арқылы «тәуелсіздік» идеясының, «егемендік» ұғымының туындының өн бойында әсерлі қуатын көре білуі ізденіс әдісі арқылы жүзеге асады. Өзіндік ізденіс жолын қалыптастырған оқырман өзінің тауып алған қазынасын ой-санасына орнықтырады, пайымына салады, саралайды, жіктеп талдауды жете меңгереді. Сол үшін де ізденіс әдісі студенттердің ғылыми талдаулар жасауға, өз ойларын ғылыми түрде жеткізуіне жол ашатын әдіс ретінде бағаланады. Бұл әдіс білім алушының өз бетімен ізденуіне жағдай жасайды.

Ізденіс әдісін үнемі қолдана отырып, өзара пікірсайыстарын, семинарлар, конференциялар, ғылыми баяндамалар оқылымын өткізуге болады. Аталған ғылыми жұмыстардың барлығы ізденісшіліктің нәтижесінен туындайтыны баршамызға белгілі.

Ізденіс әдісін поэмаларды талдау барысында қолдану өте тиімді. Себебі, лирикалық өлеңге қарағанда, поэма сюжеттік құрылымдардан тұрады. Соған орай оқиға күрделене түседі, кейіпкерлер бейнесі көз алдымызға келеді. Шығарманың басты кейіпкерін анықтау (әсіресе, тарихи шығарма болса), ондағы оқиғалардың орын алу себептерін

анықтап, өзара сабақтасу тәсіліне жете мән беру білім алушыны ізденіске жетелей түседі. Кез-келген шығарманы оқу барысында қаламгердің дәл сол тақырыпты неге жырлағанына аса мән берген жөн. Байыт Қабанұлының ұлттық болмыс, тіл мен дін мәселесі, отан, туған жер тақырыптарына жиі қалам тербейді. Тарихи тақырыптарға қалам тербеуде де өзіндік орны бар екендігін айтқанымыз жөн. Ал, аталмыш тақырыптар оқырман тарапынан қызығушылық туғызып, ізденіске жетелей түседі.

Шығармадағы кейіпкер іс-әрекеті мен сөзін саралау, өзара салыстыру, лирикалық, тарихи бейнесін ашу оқырман санасында сол туралы белгілі бір із қалдырады, ой туындатады. Осының барлығы білім алушыларға ізденіс әдісі арқылы меңгертілген кезде туынды мазмұнының нақты тарихпен байланысы нығайып, студенттің ішкі құндылықтар жүйесі өзіндік ізденіс арқылы «қалыптастырылуына» жол ашылады.

Байыт Қабанұлы – ақындық қолтаңбасы ерекше қалыптасқан қаламгер. Шығармаларының тақырыбынан-ақ ақынның өзіндік бояуы мен мұңдалап тұрады. Ұйқас құру шеберлігі өз алдына бөлек әңгіме. Осындай өлеңдерден Атамекенінен жырақта жүрген қандас ақындарымыздың елге, жерге, Атамекенге деген сағынышымен қатар жазушылық шеберлігін де аңғару қиын емес.

Шығармашылық әдістер – шығармашылық тапсырмалар орындалатын отырып, білім алушылардың креативтік қабілеттерін дамытуға арналған әдіс түрлері. Б. Қабанұлының «Жігіттер керек» деген өлеңін алып талдайтын болсақ, осы өлеңде «сәуіріктер, сауыр» деген сөздер ұшырасады [4, 45-б.].

Керек бізге:

Қыз-қатынды бөтен саяқ сәуіріктерден,

айбынымен айыратын жігіттер,

Сауырдан ап сал-сал қылып үйіріне қайыратын жігіттер,

Ереулі атпен еңку-еңку жер шалғанда,

елге төнген қара бұлт айығатын жігіттер,

Ұлтқа қарай ұрылатын өткірлікті,

еш қайыспай майыратын жігіттер [4, 45-б.].

Осындағы «сәуіріктер, сауыр» деген сөздердің мағынасын бірден түсінуді былай қойғанда, бұл сөздерді әлі естімеген білім алушылар да кездеседі. Осы сөздердің, сөйлемдердің мағынасын ашу, түсіндірмелі сөздіктерді қолдана отырып қолданылу аясын айқындау тапсырылса, шығармашылық әдістің жүзеге асқаны деп білеміз. Сәуірік сөзінің мағынасы—3-4 жастағы үйірге салынбаған жылқы малының атауы. [7, 6-б.].

Сауыр сөзінің топонимдік мағынасы— «биік, сүйір, шың, таудағы құздар» дегенді білдіреді. [8, 1-б.].

Жаңа ақпараттық жоғары оқу орындарының алдына жаңа заманға сай керекті ақпараттарды іздеп таба алатын, оларды жүйелеп, өз бетінше дами

алатын, өз мүмкіндіктерін сарқа пайдаланып, білім алу жолында жұмсайтын, көпмәдениетті тұлғаны, жас ұрпақты тәрбиелеу міндеттерін қойып отыр. Бұл, ең алдымен, білім алушының тілдік сауатына, сөйлеу мәдениетіне тікелей байланысты. Осы тұрғыда білім берудегі ұтымды да оңтайлы әдістерді қолдана білудің маңызы ерекше.

Біз бұл мақалада қазіргі таңда әдебиетті оқытуда тиімді деп саналатын бірнеше әдістің түріне тоқталдық. Жалпы, шетелдердегі қазақ ақындардың шығармашылығын отандық оқырмандарға таныстыру, әсіресе жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттерге оқыту арқылы өз елеміз бен шетелде тұрып жатқан жандардың өзара шығармашылық, автор-оқырмандық, бауырмалдық байланысына жол ашылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Тәжібаев Ә. Лирика жүрек тілі //Қазақстан мектебі. – 1982, №1. 70-71 б.
- 2 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. – Алматы, 1969. – 247 б.
- 3 Методика преподавания литературы : учебное пособие для пед. институтов/ред. З.Я.Рез. – 2-е изд., дораб. – М.: Просвещение, 1985. – 368 с.
- 4 Қабанұлы Б. Таңсәрі шуақ. – Эрдэнэт, 2009. – 123 б.
- 5 Байтанасова Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. – Астана, 2011.
- 6 Рахметұлы С Көгілдір шабыт. 2011. – 192 б.
- 7 Байжұманұлы Ә., Бекболатұлы К. Мал шаруашылығы сөздігі.— Алматы, 2011.
- 8 Солтанұлы М. «Қозы Маңырақ, Қой Маңырақ- Арасы тлған көп қалмақ» // e-history.kz. – 2016, 08-қараша. URL: <https://e-history.kz/kz/news/show/1311/>.